

I. КІРІСПЕ

Қазіргі өмір талабына сәйкес білім беру мекемелерінде бейіндік оқытуды ұйымдастыру мен оған іріктеу жүргізу жұмыстары күннен – күнге өрістеуде. Бейіндік оқыту-жалпы білім беру процесінің құрылымын, мазмұнын мен ұйымдастырылуын өзгерту арқылы оқушылардың қызығушылығын неғұрлым толық ескеруге, олардың қабілетін дамытуға, жоғары сынып оқушыларына өздерінің кәсіби қызығушылығы мен оқуын жалғастыруға қатысты ұстанған бағыт-бағдарына сәйкес білім беру үшін жағдай туғызуға мүмкіндік беретін саралау мен даралау құралы болып табылады.

ЖОСПАРДЫҢ МАҚСАТЫ:

- ♣ Оқушылардың қызығушылық бағытын, қабілетін, келешекте ие болуға тиісті мамандыққа бейімделуін қанағаттандыру.
- ♣ Мектептің жоғары сыныптарында оқушыны еңбек нарығының нақты сұраныстарын ескере отырып, әлеуметтендіруге бағыттау.
- ♣ Білім мазмұнын саралауға және әр оқушының жеке білімдік траекториясын құруға жағдай жасау.
- ♣ Орта және кәсіби білім салаларының сабақтастығын жетілдіру, бағдарлы сынып оқушыларын жоғарғы оқу орнында білімін жалғастыруға дайындауды қамтамасыз ету.
- ♣ Оқушылардың өз бейінін анықтауына көмек жасау.
- ♣ Бағдарлы оқыту алдында бағдар беру және ақпараттандыру.
- ♣ Бейіналды дайындықта білім алушыларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету болып табылады.

Осы жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында негізгі алты бағыт бойынша жылдық жоспар жасалынды. Олар:

I. Ұйымдастыру жұмысы

II. Ақпараттық талдау кезеңі

III. Оқушыларды кәсіби бейімдеу бағытындағы жұмыстар

IV. Педагогикалық кадрлармен жұмыс

V. Ата – аналармен жұмыс

VI. Бейінді оқытуды ұйымдастырудың мектепшілік бақылау – талдау жұмыстары